

1994 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуге алу туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 11-1868 қаулысы. Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 желтоқсанда № 2-10-133 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13-тармақшасына "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Іле ауданның әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы қаңтар – наурыз айларында 1994 жылы туылған, сондай-ақ бұдан бұрын тізімге алынбаған жасы ұлғайған азаматтар әскерге шақыру учаскесіне тізімге а л ы н с ы н .

2. Тізімге алу Іле аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде шақыру учаскесінде ұйымдастырылсын (Әшірбаев Нұрқанат Өксіханұлы);

3. Іле аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазыналық мекемесінің бас дәрігері (Тұрсынмұратова Бақытгул Ескендірқызы):

Әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтасын.

Ауыратыны анықталған жасөспірімдердің тізімі осы жасөспірімдердің тұрғылықты жерлеріндегі емхананың маман-дәрігерлеріне тапсырылсын;

4. Іле аудандық білім және спорт бөлімінің бастығы (Каткеева Лязат Жақыпқызы):

1) Тізімге алынушылардың арасында жалпы бөлім және мамандығын белгілеу т а п с ы р ы л с ы н ;

2) Оқу орындарын тексеру ұйымдастырылсын және тізімге алынушы жастардың да м у д ә р е ж е с і н а н ы қ т а с ы н

5. Ішкі істер басқармасы бастығы (Құсайынов Мақсат Болатұлы):

1) Әскерге шақыру учаскесінде тізімге тұрудан жалтарып жүрген жастарды і з д е с т і р у г е к ө м е к к ө р с е т і л с і н ;

2) Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жасөспірімдердің істері жөніндегі инспекцияларда есепте тұрған жасөспірімдердің тізімі берілсін.

6. Ауылдық, поселкелік әкімдерге, мекеме, ұйым, мемлекеттік білім басшылармен келісілсін, тізімге алынушы жасөспірімдерге нақтылы мәлімет берілсін.

7. Іле аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығына (Әшірбаев Нұрқанат

Өксіханұлы) осы қаулының орындалу барысы туралы 2011 жылдың 10 сәуіріне дейін
а қ п а р а т т а п с ы р с ы н .

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Тұрымбетов
Ерболат Сапарұлына жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Логутов